

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 2 қазандағы  
№ ДС-316 хатына

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің су шаруашылығы саласындағы жобаларды іске асыруға қатысты депутаттық сауалдарыңызға келесіні хабарлаймыз.

#### **Су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерді реконструкциялауға қатысты**

Бүгінгі таңда Еуропалық қайта құру және даму банкінің (бұдан әрі – ЕҚДБ) қарызы шеңберінде Ақтөбе, Жамбыл және Түркістан облыстарында 53 жобаны іске асыру көзделген, оның ішінде:

Ақтөбе облысы – жалпы сомасы 7,2 млрд теңгеге 15 жоба (суармалы жер көлемін ұлғайту үшін – 14,1 мың гектар).

Бүгінгі таңда 6,6 млрд теңгеге 13 жоба аяқталды.

2023 жылы Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы «Қазсушар» РМК-да (бұдан әрі – РМК) халықаралық қарыздар шеңберінде бөлінген қаражатты пайдалануды қоса алғанда қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігіне аудит жүргізді.

Аудит қорытындысы бойынша аяқталмаған екі жобаны РМК-дан Ақтөбе облысының әкімдігіне беру туралы нұсқау берілді (ҚР ЖАП 2023 жылғы 17 тамыздағы №16-4-Н), себебі Ақтөбе қаласының жасыл аймақ объектілерін дамыту жобасы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді суармалы сумен қамтамасыз етуге арналған тұрақты суару объектілеріне жатпайды.

Осыған байланысты бүгінгі таңда су шаруашылығы объектілерін Ақтөбе облысы әкімдігінің коммуналдық меншігіне беру рәсімдері жүргізілуде.

Жамбыл облысы – жалпы сомасы 28,7 млрд теңгеге 34 жоба (суармалы жерлердің жалпы ауданы – 53,9 мың гектар).

Бүгінгі таңда жалпы сомасы 17,96 млрд теңгеге 6 жоба аяқталды, 2024 жылдың соңына дейін тағы 16 жобаны (жалпы сомасы 5 млрд теңгеге) аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ 2025 жылы 8 жобаны аяқтау жоспарланған.

Сонымен қатар, 1 жоба бойынша жосықсыз өнім берушінің себебінен қайта конкурс жарияланды, 3 жобаны РМК аяқталмаған жоба (бақылау өлшеу актісі жасалды, баланстық құны айқындалды) ретінде қабылдады, бүгінгі таңда

«Орион Construction LTD» ЖШС мердігерімен қабылданған шарттық міндеттемелерді орындау бойынша сот талқылаулары жүргізілуде.

Түркістан облысы – жалпы сомасы 18,5 млрд теңгеге 4 жоба (*суармалы жерлердің жалпы ауданы – 25 мың гектар*). Бөлінген қаражаттың 4,7 млрд теңгесі немесе жалпы бөлінген соманың 25,4% игерілді.

Бүгінгі таңда өңір бойынша аталған жобалар орындалған жұмыстардың мемлекеттік актілері болмауы (1 жоба), банк кепілдіктері түріндегі қаржылық құжаттардың жарамсыздығы (1 жоба) сияқты бірқатар себептермен аяқталмай отыр, құрылыс-монтаждау жұмыстарының мерзімі бұзылуына байланысты қызмет көрсетушімен келісімшарт бұзылды (1 жоба).

Нәтижесінде ағымдағы жылдың соңына дейін тек 1 жобаны қабылдау жоспарлануда.

Бұдан басқа, жоғарыда аталған жобалар шеңберінде әлеуетті өнім берушілер мен консалтингтік компанияларды айқындау жөніндегі тендерлер ЕҚДБ шарттары шеңберінде өткізілгенін атап өту қажет. Бүгінгі күні олар өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамай отыр.

Бұл ретте, Министрлік орындау мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауда, апта сайын жобаларды басқару тобының мамандары мен Тапсырыс берушінің тарапынан жүретін жауапты тұлғаларды тарта отырып, көшпелі кеңестер мен камералдық бақылау жүргізуде.

#### ***«Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» (ИДЖЖ-2) жобасы бойынша***

Бүгінгі таңда төрт облыста ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру бойынша жобаның екінші кезеңі (*бұдан әрі – ИДЖЖ-2*) іске асырылуда.

ИДЖЖ-2-ні қаржыландыру көзі – Халықаралық қайта құру және даму банкінің (*бұдан әрі – ХҚДБ*) 30% қарызы және республикалық бюджет қаражатының 70%.

Көрсетілген жоба шеңберінде **жалпы ауданы 105,1 мың гектар суармалы жерді** (*Алматы – 12,4 мың гектар, Жамбыл – 15,2 мың гектар, Қызылорда – 15,1 мың гектар және Түркістан облыстарында – 62,4 мың гектар*) сумен қамтамасыз ету жақсартылатын болады.

Осы іс-шараларды іске асыру үшін Үкімет резервінен 5 млрд теңге, нақты қажеттілік кезінде 8,6 млрд теңге бөлінді. Республикалық бюджеттің шектеулі мүмкіндіктерін ескере отырып, ағымдағы жылы қалған 3,6 млрд теңге көлеміндегі соманы бөлу мүмкін болмады.

Бұл ретте 2025 жылы жобаларды іске асыруға шамамен 36,8 млрд теңге (*Ұлттық қор – 21,5 млрд, РБ - 2 млрд және ХҚДБ – 13,3 млрд*) жұмсау жоспарлануда.

ХҚДБ мен ҚР Үкіметі арасындағы «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жөніндегі жобаның екінші кезеңі» атты 2023 жылғы 27 қазандағы қол қойылған қарыз туралы келісім шеңберінде аталған жобаларды іске асыруды аяқтау **2025 жылғы 30 маусымға дейін** ұзартылды.

**Анықтама:** аталған жобаларды іске асыру есебінен суармалы судың жыл сайынғы шығынын 55% - дан 90% - га дейін қысқартуға, ауыл шаруашылығы дақылдарының

өнімділігін 50% - дан 90% - га дейін арттыруға, сондай-ақ арналардың техникалық жай-күйін дұрыстау есебінен трансшекаралық өзендердің су балансын 150 млн текше метрге дейін жақсартуға және басқаларға қол жеткізілетін болады.

### ***Гидротехникалық құрылыстарды салуға және реконструкциялауға қатысты***

Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде 42 жаңа су қоймасын (2,6 млрд текше метр) салу, 37 гидротехникалық құрылысты реконструкциялау, сондай-ақ жалпы қаржыландыру көлемі 3,2 трлн теңгені (РБ – 1,4 трлн, ЖБ-367,6 млрд және халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты есебінен 1,4 трлн теңге.) құрайтын шамамен 14 мың шақырымдық ирригациялық арналарды салу және реконструкциялау көзделген.

Бұл ретте 42 су қоймасы, 20 объекті республикалық бюджет қаражаты, сондай-ақ қарыз қаражаты есебінен және 22-сі жергілікті бюджет қаражаты есебінен салынатын болады.

Көрсетілген жобаларды 2029 жылға қарай аяқтау жоспарлануда.

Сондай-ақ, «Жамбыл облысы Қордай ауданы Қалғұты өзенінде Қалғұты су қоймасын салу» және «Жамбыл облысы Талас және Байзақ аудандарының шекарасында Талас өзенінде Ақмола су қоймасын салу» жобалары бойынша жобалау-сметалық құжаттамаларды (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеу аяқталғанын хабарлаймыз.

Жобалар «Мемсараптама» РМК қарауында.

«Қордай ауданы Ырғайты өзені Ырғайты су қоймасын салу» жобасы бойынша ЖСҚ әзірлеу барысында аталған су қоймасы бөгетінің қанаты тектоникалық бұзушылықтардың әсер ету аймағының шегінде орналасқаны анықталды.

Осыған байланысты қазіргі уақытта Министрліктің Су шаруашылығы комитеті геофизикалық зерттеулер жүргізу үшін жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша шаралар қабылдауда, алайда лайықты өнім берушілерді іздеуде қиындықтар туындауда.

### ***«Қазсушар» РМК филиалдарының ашылуына қатысты***

Су саласын тиімді дамыту, су тасқыны кезеңінде тәуекелдерді азайту мақсатында, сондай-ақ Абай және Ұлытау облыстарында су шаруашылығы объектілерін басқару қажеттілігі мен күтіп-ұстауды ескере отырып, «Қазсушар» РМК филиалдарын 2025 жылы ашу жоспарланған.

Жалпы, депутаттық сауалда көтерілген мәселелер Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында екенін атап өтеміз.

**Қ. Бозымбаев**